



Ембі ТЫНЫСЫ



№9 (152)
ҚЫРКҮЙЕК
2026 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

ЕҢБЕККЕ – ҚҰРМЕТ

Ел ырзығын еселеген

ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР КӘСІБИ МЕРЕКЕНІ КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАП ӨТТІ



Мұнай-газ саласы – ел экономикасының берік дінгегі әрі стратегиялық әлеуетін айқындайтын басты қозғаушы күш. Жыл сайын қыркүйек айының алғашқы жексенбісінде атап өтілетін Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінде ауқымды салтанатты шаралар ұйымдастырылды.

Бұл жиындар – отандық энергетика секторының толағай табыстарын саралап, жер қойнауының байлығын ел игілігіне айналдырып жүрген өндіріс алыптары мен сала ардагерлеріне шынайы құрмет көрсететін мерейлі сәт.

Биыл да жылдар бойы қалыптасқан игі дәстүр сабақтастығын тауып, әрбір құрылымдық бөлімшедегі мерекелік жиындар жоғары деңгейде өтті. Кәсіби мереке аясында өндірістік белестер де ескерусіз қалған жоқ. Әсіресе, отандық қара алтынның қайнар бастауы саналатын Доссор кен алаңынан алғашқы мұнай фонтанының атқылағанына 115 жыл, тарихы терең Терең-Өзек кен орнының игеріле бастағанына 70 жыл және Ботақан кен алаңына 45 жыл толуы кең көлемде аталып өтті.

Еңбек жолында өзіндік өрнекті қолтаңбасын қалдырған ардагер мұнайшылар мен компанияның дамуына сүбелі үлес қосқан мамандарға марапаттар табысталып, адал еңбекке деген құрметтің ешқашан бәсеңдемейтіні тағы бір мәрте айшықталды.

Барлық басқармаларда өткен мерекелік шараларда ел дамуына өзіндік үлес қосып жүрген ұжымдардың еселі еңбегі ұлықталды. Сонымен бірге, саладағы жаңа белестер мен болашаққа бағытталған ауқымды жоспарлар кеңінен сөз болып, ән-жырдан шашу шашылды.

Корпоративті газетіміздің арнайы шығарылымы мерекелік салтанатты шараларға арналды.

КӘСІБИ МЕРЕКЕДЕГІ МАРАПАТ

Президент атынан мұнай-газ саласының қызметкерлері мен ардагерлеріне мемлекеттік наградалар табысталды. Бұл – ұзақ жылғы еңбекке, жоғары кәсіби шеберлік пен жауапкершілікке көрсетілген құрмет.

2 ➡

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ ҚАЙНАР БАСТАУЫ Доссор кен алаңына – 115 жыл

Қазақ мұнайы тарихының қайнар бастауы Доссор жерінен алғаш мұнай табылғанына биыл – 115 жыл. Дәл осы далада алғаш рет мұнай бұрқағы атқылап, жаңа дәуірдің есігін ашты.

6 ➡

САХНАДА – МҰНАЙШЫЛАР

Кәсіби мереке қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ «Мұнайшы қыз» клубының ұйымдастыруымен «Екі жұлдыз» ән байқауы өтті.

Байқаудың басты ерекшелігі – өндірістің әртүрлі саласында еңбек ететін ембіліктер Нұрмұхан Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясының әншілерімен дуэт құрды.

8 ➡

САЛА МАҚТАНЫШТАРЫ

Президент атынан мұнай-газ саласының қызметкерлері мен ардагерлеріне мемлекеттік наградалар табысталды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да кәсіби мереке – мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай салтанатты іс-шара өтті.

Жиында **КМГ басқарма төрағасы Асхат Хасенов** өзінің құттықтау сөзінде атап өткендей, Мемлекет басшысы мұнай-газ секторына ерекше көңіл бөліп келеді. Саланы дамытуға елеулі үлес қосқан мұнайшы ардагерлер мен КМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне берілген мемлекеттік наградалар – мұның айқын дәлелі.

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен табыс

**«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІ:**

Тарғын Сабырұлы ҚОСАНОВ – «Ембімұнайгаз» АҚ зейнеткері, «Мұнай-газ кешені ардагерлері» РҚБ мүшесі

етілген мемлекеттік наградалар – бұл ұзақ жылғы еңбекке, жоғары кәсіби шеберлік пен жауапкершілікке көрсетілген құрмет. Өндірістік дәстүрдің негізін қалап, мол тәжірибесін кейінгі буынға аманат еткен ардагерлерге айрықша алғыс айтамын. Сіздер салған сара жолды бүгінгі мұнайшылар абыроймен жалғастырып, саланы өркендеуіне серпін беріп келеді. КМГ компаниялар тобының мыңдаған қызметкері күнделікті еңбегі арқылы еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға және әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосуда, – деді А.Хасенов.

Сонымен қатар КМГ басшысы бүгінде мұнай-газ саласының алдында технологияны дамыту, цифрлық трансформация, операциялық тиімділікті арттыру және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыттарында жаңа міндеттер тұрғанын атап өтті.

<http://t.me/kmgpress>

КӘСІБИ МЕРЕКЕДЕГІ МАРАПАТ

**«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІ:**

Қожабек Мақсұтұлы РЫСҚАЛИЕВ – «Ембімұнайгаз» АҚ 5-разрядты слесарь-жөндеушісі

Астана қаласында Мұнай-газ саласы қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтті. Іс-шараға Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов қатысты.

Ведомство басшысы сала қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, олардың еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экономиканы дамытуға және ірі өндірістік жобаларды іске асыруға қосып отырған үлесін атап өтті.

«Өндірілген әр тонна мұнайдың, әр текше метр газдың артында сіздердің ауыр әрі қажырлы еңбектеріңіз тұр. Сала қызметкерлерінің кәсібилігі, жауапкершілігі мен тәжірибесінің арқасында Қазақстан энергетикалық кешенінің тұрақтылығын сақтап, оның әлеуетін одан әрі дамытып келеді», – деді Ерлан Ақкенженов.

Министр 2025 жыл мұнай өндіру көлемі бойынша сала үшін рекордтық жыл болғанын атап өтті. Мұнай өндіру көлемі 99,55 млн тоннаға жетті. 2026

жылы сала бірқатар елеулі сын-қатерлерге тап болды. Олардың қатарында КТК инфрақұрылымындағы штаттан тыс жағдайлар, Орынбор газ өңдеу зауытының газ қабылдау көлеміне қойылған шектеулер, сондай-ақ ірі кен орындарында жоспардан тыс жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі бар.

Соған қарамастан, жедел техникалық шешімдер мен мамандардың кәсіби жұмысының арқасында жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік туды. 2026 жылдың қорытындысы бойынша мұнай өндіру көлемі шамамен 96 млн тоннаны құрайды деп күтілуде.

Мұнай өңдеу және мұнай-газ химиясын дамытуға да ерекше назар аударылды. 2025 жылы отандық мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өңдеу көлемі 18,4 млн тоннаны құрады. Атырау, Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттарының қуаттарын кеңейту жөніндегі жұмыстар жалғасуда.

«Біздің міндетіміз – шикізатты жай ғана өндіруден біртіндеп оның терең өңделуіне көшу, жоғары қосылған құны бар өнім шығару және ел ішінде жаңа өндірістік

мүмкіндіктер қалыптастыру», – деп атап өтті министр.

Мұнай-газ химиясы саласы да белсенді дамып келеді. Атырау облысында полиэтилен өндіру бойынша ірі жобаны іске асыру басталды, Павлодар өңірінде алкилат өндіру жобасы жүзеге асырылуда. 2026 жылғы мамырда Парламент Мәжілісіне саланы жүйелі дамытуға бағытталған «Мұнай-газ химиясы өнеркәсібі туралы» базалық заң жобасы енгізілді.

Газ саласында инфрақұрылымды кеңейту және геологиялық барлау жұмыстары жалғасуда. 2025 жылы «Талдықорған – Үшарал» газ құбырының құрылысы аяқталды, «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісін іске асырудың белсенді кезеңі басталды.

Еліміздегі газдандыру деңгейі 64,2%-ға жетіп, 13 млн-нан астам қазақстандық табиғи газға қол жеткізді. Алдағы уақытта газдандыру деңгейін 80%-ға жеткізу міндеті қойылып отыр.

Министр мұнай-газ кешенінің отандық өндірісті дамытуға қосып отырған үлесін де атап өтті. Жер қойнауын

**III ДӘРЕЖЕЛІ «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» ОРДЕНІ:**

Лйтқали Елеубайұлы ЕРЖАНҒАЛИЕВ – «Ембімұнайгаз» АҚ 6-разрядты жүк тиегіш көліктің машинисі

пайдаланушылардың жалпы сатып алу көлемі 4,6 трлн теңгеге жетті, оның ішінде қазақстандық қамту үлесі 3 трлн теңгеден асты. Бұл отандық кәсіпорындардың өнімдері мен қазақстандық сервистік компаниялардың қызметтеріне қосымша сұранысты қамтамасыз етеді.

Салтанатты іс-шара барысында мұнай-газ саласының қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттау рәсімі өтті.

Іс-шара соңында Ерлан Ақкенженов сала қызметкерлеріне кәсібилігі, өз ісіне адалдығы және жауапкершілікпен атқарып жүрген еңбегі үшін алғыс білдіріп, ардагерлерге Қазақстан энергетикасының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі үшін ризашылығын жеткізді.

«Қазақстан энергетикасының қуатын қалыптастырған ардагерлерімізге ерекше алғысымызды білдіреміз. Сала қызметкерлері мен олардың отбасыларына зор денсаулық, амандық, бақ-береке, молшылық және ертенгі күнге сенім тілеймін. Еңбектеріңіз әрдайым қауіпсіз, ал жобаларыңыз табысты болсын», – деді министр.

<http://t.me/Minenergokz>

■ КОНФЕРЕНЦИЯ

Атырауда KAZDRILLING 2026 III жыл сайынғы конференциясы өтті. Іс-шара Қазақстандағы геологиялық барлау, сейсмика, бұрғылау және мұнай-сервис салаларын дамыту мәселелеріне арналған негізгі пікір алмасу алаңдарының бірі болды.

KAZDRILLING 2026: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ШЕШІМДЕР



«KazService» (Қазақстан мұнайсервистік компаниялар одағы), «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен, сондай-ақ Энергетика министрлігі мен Атырау облысы әкімдігінің қолдауымен өткен бұл жиын еліміздің геология, бұрғылау және геологиялық барлау саласындағы басты мәселелерді талқылайтын маңызды диалог алаңына айналды. Осымен үшінші жыл қатар ұйымдастырылып отырған дәстүрлі алқалы жиын биыл да энергетикалық сектордың өзекті түйткілерін шешу мен жаңа мүмкіндіктерді қарастыру бағытында жоғары белсенділік танытты.

Конференцияда барлау-бағалау бұрғылауының перспективалары, сервистік нарықтың дайындығы және отандық бұрғылау саласын одан әрі дамыту мәселелері талқыланды. Қатысушылар геологиялық және сейсмикалық барлау жұмыстарын тиімді жүргізу, жаңа учаскелерге қолжетімділікті кеңейту, отандық технологияларды дамыту, бұрғылау өнімділігін арттыру, жабдықтарды жаңарту және мұнай-сервис саласына инвестиция тарту мәселелерін күн тәртібіне шығарды.

Конференцияның ашылу салтанаты мен пленарлық мәжілісіне мемлекеттік орган өкілдері, ұлттық компаниялар мен шетелдік ірі операторлардың басшылары қатысты.

Ауқымды жиында талқыланған негізгі тақырыптар еліміздің минералды-шикізат базасын кеңейту мен геологиялық барлау жұмыстарын жандандыру төңірегінде өрбіді. Жиын барысында сейсмосбарлау мен бұрғылаудың жаңа технологияларын енгізу, игерілуі қиын кен орындарын (ТРИЗ) игеру, сланцты мұнай мен газ өндіру перспективалары, сондай-ақ қабаттардың мұнай бергіштігін арттыру коэффициентін (КИИН) жоғарылату

мәселелері кеңінен сөз болды. Әсіресе, мемлекет тарапынан геологиялық зерттеулерге бөлініп жатқан инвестициялардың тиімділігін арттыру мен жаңа блоктарды айналымға қосу мәселесі сарапшылардың ерекше назарында болды.

Конференция саланың түйткілі мәселелерін жасырмай, нақты шешімдер ұсынатын ашық алаң міндетін атқарды. Мұнайсервис компаниялары үшін жабдықтарды жаңарту, тауарлар мен қызметтердегі жергілікті қамту үлесін арттыру, отандық мердігерлерге берілетін тапсырыстардың қолжетімділігі мен баға белгілеу ашықтығы басты проблема ретінде көтерілді. Шешім ретінде ірі тапсырыс берушілер мен жергілікті сервистік фирмалар арасындағы ұзақ мерзімді келісімшарттар жүйесін жетілдіру, технологияларды локализациялау және кадрлық әлеуетті күшейту

жөнінде нақты ұсыныстар айтылды.

Қорыта айтқанда, III жыл сайынғы Kazdrilling 2026 конференциясы тек кезекті кездесу емес, Қазақстанның мұнай-газ саласының стратегиялық болашағын айқындайтын маңызды орталыққа айналғанын тағы бір мәрте дәлелдеді. Сарапшылардың пікірінше, мұндай жиындар мемлекет, ұлттық компаниялар мен жеке бизнес арасындағы тығыз әріптестікті нығайтып, отандық мұнайсервис саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қуатты серпін береді. Конференция қорытындысы бойынша қабылданған ұсынымдар елдің энергетикалық қауіпсіздігі мен ресурстық әлеуетін дамытуға бағытталған мемлекеттік шешімдерге арқау болмақ.



РЕДАКЦИЯДАН:

Айта кетейік, конференцияның «Барлау, сейсмика және бұрғылау» бөлімінде «Ембімұнайгаз» АҚ Бұрғылау және ҰЖК қызметінің жетекшісі Қонысбай Ұрқешбаев баяндама жасады.

Қызмет жетекшісі көлденең ұңғымаларды көлбеу сағамен бұрғылау технологиясын енгізу тәжірибесі туралы баяндап, осы бағытта атқарылған жұмыстарға, қол жеткізілген нәтижелерге, жұмыс барысында анықталған мәселелер мен олардан алынған тәжірибелік сабақтарға тоқталды.

Аталған технологияны қолдану бұған дейін игеруге тартылмаған мұнай шоғырларын игеруге енгізуге, кен орындарының қамтылуын кеңейтуге және «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарындағы алынатын мұнай қорларын қосымша игеруге тартуға мүмкіндік береді.

Баяндама барысында Компанияның осы технологияны дамыту және өндірістік тиімділігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп жатқаны атап өтілді. Ұсынылған тәжірибе мен қол жеткізілген нәтижелер қатысушылардың қызығушылығын тудырып, технологияны одан әрі жетілдіру және кеңінен қолдану перспективалары бойынша пікір алмасуға негіз болды.

(Тақырыпқа қатысты толық материал газеттің алдағы сандарында жарияланады). **ЕГ**

■ ТАҒАЙЫНДАУ

БАСҚАРМАДА – ЖАҢА БАСШЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сай, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы болып, Ербол Наурызбеков тағайындалды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Абат Құтжанов «Жылыоймұнайгаз» басқармасының ұжымына Ербол Наурызбековты таныстырды. Еңбек өтілін айта келе, бұл саладағы тәжірибелі маман екенін жеткізіп, жұмысына сәттілік тіледі.

Ербол Жалғасұлы Наурызбеков еңбек жолын 2002 жылы «Ембімұнайгаз» ӨФ «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ПРЭО учаскесінде слесарь болып бастап, ҚКЖЖП бөлімшесінің шебері, Кенбай МГӨЦ механигі, ЗЖЦ бастығының орынбасары, ЗЖЦ бастығы, ӨТК бөлімінің маманы, ӨТБ мұнай және газ өндіру жөніндегі инженері лауазымдарында еңбек етті.

Бұдан кейін «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай газ өндіру департаментінің инженері, аға инженері, мұнай және газ өндіру жөніндегі жетекші инженері, жаңа техника және технологиялар департаменті директорының орынбасары қызметтерін атқарған.

2021-2026 жылдар аралығында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ өндіріс басқармасы (Прорва кен орындары тобы) бастығының орынбасары, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басқармасының бастығы, «Доссормұнайгаз» МГӨБ бас инженері лауазымдарында еңбек етті.

2026 жылдың 8 қыркүйегінен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығымен «Ембімұнайгаз» АҚ «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы болып тағайындалды. **ЕГ**

■ ҰЛТТЫҚ КОНКУРС

Отбасы – аясы кең, мәні терең, ыстық ұғым. Әр отбасының бақыты – ел бақыты.

Отбасындағы құндылықтарды жаңғыртуға, өнегелі өмірді насихаттауға бағытталған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді.

Он жылдан астам уақыт ішінде байқауға ел бойынша 20 мыңнан астам үлгілі шаңырақ қатысып, отбасы институтының нығаюына үлес қосып келеді.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы – адамгершілік құндылықтарын жаңғыртуға және отбасы мен некенің жағымды үлгісін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Биыл да жалғасқан аталмыш байқаудың аймақтық кезеңінде Жылыой ауданынан Оспановтар әулеті бас жүлдені жеңіп алды. 1952 жылы шаңырақ көтеріп, 7 ұл және 1 қыз тәрбиелеп өсірген отағасы Ақай Оспанов «Коммунизм таңы» совхозының материалдық есепшісі, жары Балтөре Оспанова үй шаруасында болып, бала тәрбиесіне көңіл бөлген. Соғыс жылдарында 13 жасынан бастап есепші қызметін атқарып, жастайынан еңбекпен шыңдалған әкесі мен ұрпақ тәрбиесі



мен отбасы жылулығын сақтаған аналарынан тараған 25 немере, 2 жиен әр салада табысты қызмет атқаруда.

Ұлағатты жанұяда өсіп-өнген ұрпағының бірі – әріптесіміз, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен игеру тобында қауіпсіздік қызметінің аға инспекторы Жұмабай Оспанов. «Әкем ұлдарының азамат болып

қалыптасып, еңбек еткендерін көріп, 1996 жылы өмірден өтті. Бүгінгі күні шөбере қолынан су ішіп отырған анам – 94 жаста. Шүкір, немере, шөберелерге өсиет айтып, біздің вахтаға барып, келу күнімізді жатқа айтады. Мен – отбасында төртінші ұлымын. Жарым Жұмагүл Бекқұлызымен шаңырақ көтеріп, үш қыз, бір ұл тәрбиеледік, бәрі жанұялы. Олардан

4 немере, 12 жиеніміз бар», - дейді ол.

Арнайы комиссия жеңімпаздарды анықтау кезінде Оспановтар отбасының балалардың жетістігі, ұлттық құндылықтарды, жалпы отбасы ұстанымдарын дәріптеуге арналған тәрбиесімен ерекшеленгенін атады. Расында да, бұл отбасының ұрпақтары арасында сан сала мамандық иелері бар: филология ғылымдарының доценті, Ішкі Істер бөлімінің ардагері, механизатор, кітапхана қызметкері. Аталған байқауға қатысу туралы Аққизтоғай селолық әкімшілігі айтқан екен.

Осылайша, шілде айының соңында Жылыой аудандық, тамыздың соңында облыстық кезеңнің жеңімпаздары анықталып, Атырау облысының әкімі Болат Ақшолоақов «Мерейлі отбасы» байқауының Бас жүлдесін табыстады. Оспановтар әулеті Астанада өтетін республикалық кезеңге жолдама алды. Олар Атырау облысының намысын қорғайды.

Айта кетейік, «Мерейлі отбасы» конкурсы Қазақстанда 2014 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. **ЕГ**

ӘРІПТЕСІМІЗДІҢ ОТБАСЫ – «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас кеңсесінде өткен ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты шараға ҚМГ мен ЕМГ басшылығы, өндіріс ардагерлері, өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылығы мен Орталық аппараттың қызметкерлері қатысты.

Мерекелік шараға арнайы келген «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар

Мұнай-газ саласы – ел экономикасының берік діңгегі мен стратегиялық әлеуетін айқындайтын басты қозғаушы күш. Жыл сайын қыркүйек айының алғашқы жексенбісінде атап өтілетін ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай, «Ембімұнайгаз» АҚ барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінде арнайы мерекелік шаралар ұйымдастырылды.

Бұл салтанатты жиындар – отандық энергетика секторының толағай табыстарын саралап, жер қойнауының байлығын ел игілігіне айналдырып жүрген өндіріс алыптары мен сала ардагерлеріне ерекше құрмет көрсететін сәт.

Түрлі формат, түрлі алаңдарда өткен салтанатты мерекелік шараларда ел дамуына өзіндік үлес қосып жүрген еңбек ұжымдарының еселі еңбегі ұлықталып, саладағы жаңа белестер мен болашаққа бағытталған ауқымды жоспарлар кеңінен сөз болды. Ардагерлерге құрмет көрсетіліп, ән-жырдан шашу шашылды.

Ел ырзығын еселеген ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР КӘСІБИ МЕРЕКЕНІ

* ОРТАЛЫҚ БАСҚАРУ АППАРАТЫ



кеңесінің **төрағасы**
Құрманғазы Есқазиев
кәсіби мейрамның маңызына тоқталып, Ембі өндірісінің қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз

үлес қосқан ардагерлерге алғыс білдірді. Сонымен қатар, ол бүгінде мұнай-газ саласында еңбек етіп жүрген мамандардың кәсіби біліктілігі мен табысты қызметіне жоғары баға берді.

Еңбек ардагері Максим Избасов та мерекелік лебізін білдіріп, Ембі мұнайшыларының еңбек жолындағы естеліктерімен бөлісті. **«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Измұханбет** өзінің

құттықтау лебізінде компанияның өндірістік әлеуетін арттыруға бағытталған жұмыстарға тоқталды. Атап айтқанда, Ембі кен алаңдарында қолға алынған инвестициялық жобалардың

нәтижесін бере бастағанын атап өтті. Компания ұжымының алдында тұрған ауқымды міндеттер мен алдағы жоспарларға кеңінен тоқталды.

Салтанатты жиын барысында өндірістегі жоғары нәтижелерімен ерекшеленген бірқатар қызметкерлер марапатталды. Оларға «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның «Үздік мұнайшы», «Еңбек сіңірген мұнайшы» төсбелгілері, Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары табысталды.

Сонымен қатар, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бірқатар қызметкері де жоғары кәсіби біліктілігі мен елеулі еңбегі үшін компанияның марапаттарына ие болды.

Мұнай-газ саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты шара Атырау Жастар театры әртістерінің қатысуымен ұйымдастырылған концерттік бағдарламамен қорытындыланды.

* «ЖАЙЫҚМҰНАЙГАЗ» МҒӨБ



«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мерекелік салтанатты шарасы Исатай аудандық «Жалын» мәдениет үйінде өтті.

Басқарма ұжымы мен ардагерлерін «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары **Рысты Тасмағамбетова** кәсіби мерекемен құттықтады. Ардагерлердің саланың дамуы жолындағы зор үлестері мен өндірістік жоспарлардың орындалысындағы ұжымның қажырлы еңбегін атап, алғысын білдірді.

Өндірісте үздік шығып, саланың дамуына үлес қосқан бірқатар қызметкерлерге «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды.

Мерекелік кеште **Исатай ауданының әкімі Нұрым Мусин** құттықтау сөз сөйлеп, мерейлі 90 және 75 жасқа толған бір топ сала ардагерлеріне облыс әкімі **Болат Ақшолоқовтың** құттықтау хатын және өнімнің өркендеуіне қосқан үлесі үшін бір топ мұнайшыға аудан әкімінің Алғыс хатын табыстады.

Сондай-ақ, «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы **ҚБ төрағасы Болат Нсанбаев** мерекелік лебізін жолдап, сала қызметкерлерін Кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасы, Алғыс хатымен марапаттады. Тілектер легін «Жайықмұнайгаз» басқармасының бастығы **Жасұлан Беркалиев** жалғастырып, жоспарлы жұмыстарға тоқталды. Мерекелік марапаттар басқарма мен кәсіподақ ұйымының Алғыс хаттарымен жалғасты.

Салтанатты жиынның соңы Атырау жастар театры өнерпаздары дайындаған арнайы бағдарламаға ұласты.



* «Қайнармұнайгаз», МГӨБ

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ басқармасы ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орайластырылған мерекелік іс-шаралар легін УАЗ кен орнында салтанатты жиыннан бастады. Ұжымды кәсіби мерекемен «Ембімұнайгаз» АҚ бас технологы Серік Әблиев құттықтады.

Ол өзінің құттықтау сөзінде барша қызметкерлерге адал еңбектері үшін алғыс айтып, УАЗ кен орнының технологиялық процестерді басқарудың дамыған жүйесімен қамтамасыз етілгенін ерекше атап өтті. «Қайнармұнайгаз» басқармасы өзінің тұрақты жұмысымен Ембімұнайгаздың қарқынды дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Бүгінгі жетістіктер ардагерлер салған дәстүрлер сабақтастығы мен мұнайшылардың қазіргі буынының қажырлы еңбегінің нәтижесі екенін баса айтты.

«Қайнармұнайгаз» басқармасы Ембімұнайгаздың ең жас өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің бірі болғанына қарамастан, басқарма даму қарқынын нық арттырып келеді. Ұжым заманауи технологияларды енгізе отырып, өндірістік тапсырмаларды табысты орындауда. УАЗ қызметкерлерін құттықтай отырып, басқарма бастығы Амангелді Сүлейменов өндіріс қана емес, адам капиталын дамыту саласындағы жетістіктерге де тоқталды.

Бір топ қызметкерлерге «Ембімұнайгаз» АҚ мен басқарманың Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары және басқарма кәсіподақ ұйымының марапаттары табысталды. Сондай-ақ, спорттық сайыстарда жеңімпаз болған жұмысшылар да марапаттарға ие болды. Мерекелік салтанатты шаралар басқарманың өзге де цехтарында жалғасты.



КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАП ӨТТІ

* «Ембімұнайгаз», БАСҚАРМАСЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндірістік нысандары мен кен алаңдарын тұрақты қуат көзімен қамтуда үздіксіз жұмыс процесін ұйымдастыратын құрылымдық бөлімшесі «Ембімұнайгаз» басқармасының маңызы зор. Биыл энергетиктер кәсіби мерекені ерекше форматта – ұжымдық тұтастық пен командалық рухты қалыптастыратын боулинг ойыны алаңында атап өтті.

Басқарма бастығы Ғабит Иманғалиев әріптестерін мерекемен құттықтап, уақыт талабына сай, заманауи технологиялардың кен алаңдарына енгізілуі нәтижесінде электр энергиясын пайдаланудағы тың әдіс-тәсілдердің сәтті жүзеге асырылуындағы бірлескен жұмыстары үшін қызметкерлерге алғыс білдірді. Ембі өндірісінің, мұнай-газ саласының тұрақты

дамуына қосқан зор үлесі, қажырлы қызметі мен табысты еңбегі үшін Мұнай-газ кешені саласының кәсіби мерекесіне орай бір топ қызметкерлерге «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы, Алғыс хаты табысталды.

Тартысты өткен боулинг ойынының соңында жеңімпаздар есімі белгілі болып, үздіктерге сыйлықтар табысталды.

* УПТОиКО

В управлении производственно-технического обеспечения и комплектации оборудования (УПТОиКО) прошло праздничное мероприятие, приуроченное ко Дню работников нефтегазового комплекса РК.

От имени генерального директора АО «Эмба мұнайгаз» Р.Измұханбетов коллектив поздравил директора департамента закупок Нурғали Орынбасаров. В своей речи он подчеркнул ключевую роль снабженцев в бесперебойной работе производственных подразделений, отметив, что своевременная поставка оборудования – залог стабильной работы месторождений круглый год. Наиболее отличившимся сотрудникам он вручил Почётные грамоты и Благодарственные письма АО «Эмба мұнайгаз».

Тёплые слова признательности коллегам адресовали начальник УПТОиКО Айхан Досниязов и председатель первичной профсоюзной организации Кайдар Косымбаев. Благодарственными письмами управления и Локального профсоюза работников АО «Эмба мұнайгаз» был отмечен ещё ряд сотрудников за добросовестный труд и профессионализм.

Праздник объединил не только производственные достижения. В этот день чествовали и победителей корпоративных состязаний: спортивных турниров, интеллектуальных конкурсов, а также проектов Japa Men – 2026 и Qadam GO – 2026. Участники и призёры получили заслуженные награды, доказав, что в коллективе УПТОиКО работают не только надёжные профессионалы, но и энергичные, разносторонне развитые люди.



МЕРЕЙ

Қазақ мұнайының қайнар бастауы

ДОССОР КЕН АЛАҢЫНА – 115 ЖЫЛ

Қазақ мұнайы тарихының қайнар бастауы Доссор жерінен алғаш мұнай табылғанына биыл – 115 жыл. Ел тарихында тұтас бір дәуірдің тынысын бойына сіңірген, талай ұрпақтың тағдырымен тамырлас мекендер болады. Доссор – сондай қасиетті мекеннің бірі. Осыдан 115 жыл бұрын дәл осы далада алғаш рет мұнай бұрқағы атқылап, жаңа дәуірдің есігін ашты. Жер қойнауынан шыққан қара алтынмен бірге бұл өңірде жаңа тіршілік қалыптасты. Ал, сол тарихтың ең басты кейіпкерлері – осы даланың төсінде маңдай терін төгіп, күн-түн демей еңбек еткен мұнайшылар.

1911 жылдың 29 сәуірі. Доссордағы №3 ұңғымадан 225 метрден астам тереңдіктен қуатты мұнай фонтаны атқылады. Бар болғаны 30 сағаттың ішінде ұңғыма 16 мың 700 пұт, яғни шамамен 274 тонна мұнай берді. Бұл – сол кезең үшін елеулі көрсеткіш еді.

Доссордан атқылаған мұнайдың тарихи мәнін тек оның көлемімен өлшеу мүмкін емес. Сол бір сәт Қазақстандағы мұнай өнеркәсібінің жаңа кезеңіне жол ашты. Мұнаймен бірге бұл далаға жаңа тыныс келді. Мұнай кәсіпшілігінің айналасында жұмысшылардың алғашқы қоныстары бой көтерді. Жолдар тартылып, өндірістік нысандар мен қоймалар салынды. Біртіндеп мұнайлы өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымы қалыптасты.

Кеше ғана шөлейт дала болып жатқан өңір өндірістік мекенге айнала бастады. Нәтижесінде,



Доссор мұнайлы Ембінің маңызды орталықтарының бірі болды.

1922 жылы Доссор мен Мақат кен орындарын игеру үшін «Ембімұнай» тресі құрылды. Сол жылдары қалыптасқан еңбек дәстүрі уақыт өте келе қазіргі «Ембімұнайгаз» компаниясының тарихымен сабақтасты.

Бір ғасырдан астам уақыт ішінде Доссорда мұнайшылардың талай буыны қалыптасты. Алғашқы мұнайшылардың ауыр еңбегінен бүгінгі заманауи өндіріске дейінгі жолдың әр кезеңінде мыңдаған адамның маңдай тері бар. Бір буын тәжірибе жинады. Келесі буын сол тәжірибені жетілдірді. Бүгінгі мамандар сол мұраны жаңа технологиялармен сабақтастырып келеді. Заман өзгеруде. Онымен бірге техника жаңарды. Өндіріс тәсілдері жетілді. Бірақ, бір құндылық өзгерген жоқ. Ол – еңбекке адалдық, кәсіби шеберлік және өз ісіне деген жауапкершілік. Осылайша 115 жыл бұрын басталған еңбек эстафетасы бүгінгі ұрпаққа жетті.

Доссордың тарихын өндіріс алаңдарындағы ұңғымалардың санымен немесе өндірілген мұнайдың көлемімен ғана өлшеу мүмкін емес. Өйткені Доссор – ең алдымен адам тағдыры. Осы жерде

қазақ ұлтының алғашқы жұмысшы табы қалыптасты. Әкесі ұлына кәсібінің қыр-сырын үйретті. Ұлы әкесінің жолын жалғады. Сондықтан да, Доссор – жай ғана өндіріс орны емес. Бұл – талай әулеттің тарихы қалыптасқан туған жер.

Тарихты адам жасайды. Ал, сол тарихты жалғастыру – бүгінгі ұрпақтың еншісінде. Өйткені еңбек бар жерде сабақтастық бар. Сабақтастық бар жерде тарих жалғасады. Доссордың тарихы да жалғаса береді. Осы мақсатты көздеген «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы ҚР

Мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне арналған салтанатты шараны осынау мерейлі датаға орайластырды.

Ғасырдан астам тарихта өшпес қолтаңбаларын қалдырған даңқты ембілік мұнайшылардың ізін жалғаған сала ардагерлері мен басқарма қызметкерлеріне құрмет көрсетіліп, мереке мәні тарихи танымдық тұрғыдан айшықтала түсті. Арнайы түсірілген деректі фильм көрсетіліп, тарихтан сыр шертті. Кешегі күн мен бүгінгі күннің бейнесі сараланып, естеліктер айтылды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас



технологы Серік Әбдиев Компания басшылығы атынан мерекелік салтанат қатысушыларын құттықтап, кен орнының 115 жылдығына орай үздік еңбек нәтижелерін көрсеткен бір топ қызметкерлерге ЕМГ «Құрмет грамотасы» мен «Алғыс хатын» табыстады.

Лебіздер тізбегін Мақат ауданы әкімінің міндетін атқарушы Бекбол Абуов, «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті Кәсіптік одағы ҚБ төрағасы Болат Нсанбаев, «Доссормұнайгаз» басқармасын әр жылдары басқарған басшылары және басқарма бастығы Бағдат Ниязғалиев жалғады. Ембі өндірісінің дамуы жолындағы зор үлестері, жоғары кәсібилігі және өндірістегі елеулі нәтижелері үшін бір топ сала ардагерлері мен қызметкерлерге марапаттар табысталды.



РЕДАКЦИЯДАН:

Доссор кен орнының 115 жылдығына орай, қазақ күресінен облыстық ашық турнир және аламан бәйге ұйымдастырылады. Бұл шаралар туралы газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар. [ET](#)

■ МЕРЕЙ



ЕҢБЕК ПЕН ТАРИХ ТОҒЫСҚАН КҮН

Биыл – Терең-Өзек кен орнының 70 жылдық мерейтойы. «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұйымдастыруымен Кәсіби мереке – ҚР мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты жиын кен алаңының 70 жылдық мерейтойына арналды.

Сала ардагерлері мен басқарма қызметкерлерінің басын қосқан мерекелік салтанатта ақ тілектер ағытылып, тарихтан сыр шертілді. Кен алаңының игерілу кезеңдері мен қалыптасу жолы, кешесі мен бүгінгі айтылды.

Жиында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова шара қонақтарын қос мерекелемен құттықтады.

«Жетпіс жыл – бұл жай ғана уақыт өлшемі емес. Бұл – талай буын мұнайшының маңдай тері, қажырлы еңбегі мен кәсіби шеберлігі қалыптастырған үлкен тарих. Осы жылдар ішінде Терең-Өзек кенішінде талай өндірістік белес бағындырылып, мұнай-газ саласының дамуына елеулі үлес қосылды. Бұл – осында еңбек еткен және бүгін де еңбек етіп жүрген азаматтардың ортақ еңбегінің нәтижесі.

нәтижелерін көрсеткен басқарманың бір топ қызметкерлері, сонымен қатар, Терең-Өзек цехының дамуына үлес қосқан еңбеккерлер «Ембімұнайгаз» АҚ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ, Кәсіподақ комитеттерінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарын иеленді.

Бұған қоса, атаулы дата мен кәсіби мерекені Терең-Өзек мұнай-газ өндіру цехы өндірістік нысан аумағында кең көлемде атап өтті. «Жылыоймұнайгаз» басқармасы бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Санат Нұрғалиев басшылықтың құттықтауын жеткізді. Цех тарихында қолтаңбалары қалған аға буынның даңқты жолын жалғап келе жатқан қызметкерлер арасынан үздік еңбек нәтижелерін көрсеткен бір топ жұмысшыларға «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басқармасының Алғыс хаты және басқарма кәсіподақ ұйымының марапат-



Осы орайда ардақты ардагерлерге ерекше алғыс білдіреміз. Бүгінгі жетістіктеріміздің негізінде сіздер қалыптастырған еңбек дәстүрі жатыр. Қазіргі нәтижелеріміз – ардагерлер қалыптастырған дәстүр мен қазіргі ұжымның табанды еңбегінің сабақтастығының жемісі. Алдағы уақытта да осы еңбек дәстүрін жалғастырып, жаңа жобаларды сапалы жүзеге асырып, өндірістің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыру жолында бірге еңбек етеміз деп сенемін» деген Рысты Нұрғалиқызы кәсіби мереке – мұнайшылар күнімен құттықтады. Сонымен бірге, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбеттің атынан ұжымға қос мерекеге орай құттықтау хатын табыстады.

Салтанатты жиында үздік еңбек

тары табысталды.

Терең-Өзек цехында қызмет атқарған атыраулық ақын Салауат Исахаевтың ұлы мерейтойға арнауын шырқап, әкесінің көзін көрген, қанаттас қызмет атқарған ұжымдастары мен сала ардагерлерін құттықтай келе арнайы шақырту алғаны үшін ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Салтанатты шарада арқан тартыс, гир тасын көтеру, ләңгі тебу спорттық сайыстары ұйымдастырылып, тартысты өткен ойындар нәтижесінде епті, күшті қатысушылар арасынан жеңімпаздар анықталды.

Өндірістегі жауапты жұмыспен қатар, өнерді де серік еткен басқарма, цех өнерпаздары ән шырқап, дала төсін думанды кешке бөледі. **ЕГ**

БОТАҚАНҒА – 45 ЖЫЛ: АДАМДАР ЖАСАҒАН ЖОЛ

Ботақан кен орны 45 жылдық мерейтойын атап өтті. Осы айтулы датаның артында – жылдар бойы жиналған еңбек тәжірибесі, кәсіби қалыптасу, жетістіктер және ең бастысы – өмірінің елеулі бөлігін Ботақанмен байланыстырған адамдар тұр. Бұл орын кейбіреулер үшін мамандыққа жасалған алғашқы қадам болса, енді біреулер үшін кәсіби өсу алаңына айналды, ал ардагерлердің көбі үшін өз өмірбаянының ажырамас бір бөлігіне айналды.



Мерейтойлық шараға кен орны жұмыскерлері, ардагерлер және «Доссормұнайгаз» МГӨБ басқармасының басқа да цехтарының өкілдері жиналды. 45 жыл – кез-келген өндірістік ұжым үшін маңызды белес. Осы жылдар ішінде кен орнында көптеген мамандар ауысты, жаңа мамандықтар пайда болды, технологиялар мен өндірістік процестер жетілдірілді. Алайда, жауапкершілік, кәсіпқойлық және қойылған міндеттерді орындауға дайындық – өзгеріссіз қалды.

Мерекелік кездесуде ерекше орын ардагерлерге тиесілі болды. Бір кездері Ботақанға жас маман болып келген адамдар бүгін алғашқы еңбек жылдарын ерекше жылылықпен еске алады. Олар кәсіби жолдарының Ботақаннан басталғанын, әріптестерін, жұмыс күндерін, қиын өндірістік жағдайларды және жадында мәңгі сақталған сәттерді еске түсірді.

Ұжымды мерейтоймен құттықтай келе, «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллин осы датаның маңыздылығын және жұмыскерлердің өндірісті дамытуға қосқан үлесін атап өтті: «Кен орнының 45 жылдық тарихының артында әртүрлі мамандық иелерінің жылдар бойына созылған жанкешті еңбегі тұр. Дәл солардың жауапкершілігі мен кәсіпқойлығының арқасында еңбек дәстүрлері қалыптасып, бүгінге дейін сақталып келеді.

Мерекелік іс-шара барысында Қуандық Калидуллин «Доссормұнайгаз» МГӨБ жұмыскерлеріне, оның ішінде Ботақан кен орны қызметкерлеріне «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын табыс етті. Бұл марапаттар жұмыскерлердің адал еңбегінің, кәсіпқойлығының және компания қызметіне қосқан үлесінің танылуы болды.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ бастығы Бағдат Ниязғалиев ұжымға қолдау көрсеткені және өндірістік нысандарды дамытуға назар аударғаны үшін «Ембімұнайгаз» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК басшылығына алғыс білдірді. Ботақанның мерейтойы – ең алдымен, күнделікті еңбегімен ортақ нәтижелерге үлес қосып жүрген адамдардың мерекесі. Бағдат Ниязғалиев бүгінгі күн туралы айта келе, ұжым жоғары жауапкершілік пен кәсіпқойлық танытып, қойылған өндірістік



міндеттерді орындауды жалғастырып жатқанын атап өтті. Бірқатар қызметкерге басқарманың Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты тапсырылды.

Мерекелік жылы лебізді басқарма бастауыш кәсіподақ ұйымының жетекшісі Талғат Сапарбеков жалғады. Бір топ қызметкерлерге Алғыс хат және арнайы сертификаттар табыстады.



Мерекелік бағдарлама ресми бөліммен ғана шектелмеді. Жұмыскерлерге арнап ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды: асық ату, арқан тартыс және гир тасын көтеру. Әрбір сайыс қатысушылардан күш, шапшаңдық, төзімділік және жақсы дене дайындығын талап етті. Ал командалық жарыстар өзара көмек пен бірліктің қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Мұнайшылардың күнделікті еңбегі, кәсіби дәстүрлер және бүгінгі Ботақан кен алаңының одан әрі дамуына жауапкершілікпен үлес қосып жүрген адамдар арқылы кен орнының тарихы жалғасуда. **ЕГ**

БАЙҚАУ

Кәсіби мереке қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ «Мұнайшы қыз» клубының ұйымдастыруымен «Екі жұлдыз» ән байқауы өтті. Өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерін мәдени-көпшілік шараларға тартуды көздеген жоба жаңа деңгейде ұйымдастырылды.

САХНАДА –

мұнайшылар

«Ел іші – өнер кеніші». Ембіліктер арасында өндірісте табысты еңбек етіп, сала дамуына үлес қосудан қатар, өнерге, әнге жақындары аз емес. Осындай қабілет-қарымы бар қызметкерлерді анықтап, жаңа таланттарды сахнаға шығаруды мақсат еткен өнер байқауына «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінен барлығы 6 қызметкер қатысты.

Байқаудың басты ерекшелігі – өндірістің әртүрлі саласында еңбек ететін ембіліктер Нұрмұхан Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясының әншілерімен дуэт құрды. Өндіріс пен кәсіби өнердің мұндай коллаборациясы ембіліктердің шығармашылық потенциалын ашып, оларды жаңа қырынан танытуға мүмкіндік берді. Іс-шараның маңыздылығы мен рухани мәні туралы «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова атап өтті:

«Құрылғанына 7 жылдан асқан «Мұнайшы қыз» клубы осы жылдар ішінде көптеген тақырыптық іс-шараларды тұрақты түрде өткізіп келеді. «Екі жұлдыз» жобасы – бұл жұмыстардың сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілгенінің айқын дәлелі. Жоба қатысушылардың өнердегі бағын ашып қана қоймай, әрбір туындының сахналануына ерекше назар аудару арқылы көрерменнің музыкалық талғамын қалыптастыруға да ықпал етті. Бұл ұжым үшін үлкен рухани серпіліс пен жаңа есімдердің танылуына жол ашқан маңызды жоба болды».

Ән байқауға қатысып, бағын сынаған ембіліктер мен олардың кәсіби әнші жұптары төмендегідей топтасты:

«Жайықмұнайгаз» басқармасының жүкшісі Нұрәулет Сағидоллин және

Райхан БАЛҒЫМБАЕВА, бас жүлде иегері:

– Жалпы ән айту – туа біткен қасиетімнің бірі. Ең алғаш менің дауысымды балабақшадағы музыка мұғалімі байқаған. Сол кезден бастап әжемнің жетектеуімен әр түрлі шараларда ән айта бастадым, мектеп қабырғасында да конкурстарға қатыстым. Бірақ, өкінішке орай бұл бағытта оқымадым. Осыған қатысты іштей бір өкінішім болды.

Уақыт өте келе жоғары оқу орнын бітіру, жұмыс жасау, отбасы, балалар тәрбиесі сияқты күнделікті тұрмыс пен жауапты жұмысым бірінші кезекке шықты. Алайда кішкентай кезімдегі арманым жетелеп, бала күтіміне байланысты үйде отырған кезде, кішкентай сәбиіммен жүріп, музыка саласына оқып, білім алдым. Бірақ, қайтадан «жұмыс-үй» режиміне еніп кеткен соң, осындай конкурс менің өмірімде болады деп ойламаппын. Сондықтан, «Екі жұлдыз» байқауы дәл маған арналғандай, өзімді сынауыма мүмкіндік бергендей болды.

Конкурстың ұйымдастырылуы ұнады. Жұптардың таңдалуы, қатысушы әріптестерім мен филармония әншілерінің аз уақыт ішінде дайындық жұмыстарын тиянақты ұйымдастырып, үлкен жауапкершілікпен қарағаны – бәрі де жоғары деңгейде болды.

Мені қолдаған, жанкүйер болған әріптестеріме, жалпы, маған сенім артқан барлық жандарға алғысым шексіз. Осындай шаралардың жиі болып тұруы ұжымдағы жақсы атмосфераның қалыптасуына зор әсер етеді, сондықтан, жалғаса берсе деп тілеймін. Әрқашан креативті бастамалар мен қызметкерлерге арналған жан-жақты шаралары үшін «Ембімұнайгаз» АҚ-на, «Мұнайшы қыз» клубына алғыс білдіремін.

филармония әншісі Ержан Мырзахметов, «Қайнармұнайгаз» басқармасының қабат қысымын сақтау операторы Бағытжан Камитов және филармония әншісі Ақмарал Кәдірбаева, «Ембімұнайэнерго» басқармасының қызметкерлер жөніндегі маманы Райхан Балғымбаева және филармония әншісі Алиса Күрмет, «Жылыоймұнайгаз» басқармасының мұнай-газ өндіру операторы Қайрат Смаилов және халықаралық байқаулардың лауреаты, филармония әншісі Миржан Қабдолов, «Доссормұнайгаз» басқармасының бас бухгалтері Мәди Бексейтов және филармония әншісі Бақтоты Кәкімова, Өндірістік-техникалық қамту және жабдыктармен комплектациялау басқармасының МТС инженері Мәди Жамалов және филармония әншісі Айбар Ғаниұлы.

Осылайша, кәсіби әнші және мұнайшы, кадр маманы, жүкші, есепші, инженер сияқты сан салалы кәсіп иелерінен құралған дуэт екі бөлімде сан түрлі жанрдағы музыкалық шығармаларды орындады.

Қазақ ән өнерін насихаттауды мақсат еткен сайыскерлердің вокалдық шеберлігі мен сахналық мәдениетін ҚР Білім беру саласының құрметті қызметкері, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты, еңбек ардагері Мақыш Гайсина бастаған қазылар алқасы: «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова, Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенов, Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі Алмас Идрисов,

Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллин және Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясының көркемдік жетекшісі Ақмарал Машимова бағалады.

Жұп болып өнер көрсету тек ән айтумен шектелмеді. Өнерпаздардың бір тобы үйлесімді би билесе, бірі сахналық образдарымен, ал, келесілері бірін-бірі толықтырып, бір ырғақта өнер көрсету, әдемі



дауыс, шебер орындауымен жанкүйерлердің жүректерін жаулады. Өнер – адамның жан дүниесін байытатын ұлы күш. Соған сай, бұл байқау тек ән сайысы ғана емес, әріптестік пен достықтың, ұйымшылдықтың жарқын үлгісіне айналды.

Әрине, байқау болған соң, жеңімпаз болары хақ. Әділқазылар алқасының шешіміне сай, үздіктер анықталды.

Басжүлде – Райхан Балғымбаева, I орын – Нұрәулет Сағидоллин, II орын – Қайрат Смаилов, III орын – Мәди Жамалов.

Мәди Бексейтов «Көрермен көзайымы» номинациясының, Бағытжан Камитов ынталандыру сыйлығының иегері атанды. **ЕТ**



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрілігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2026 жылғы 24 сәуірде №КЗ03VPY00147512 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Н.Есмағамбетов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

М.Куримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Кулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



TikTok - @embamunaigas



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.